

егемен

Генерал

МӘҢГІЛІК КІТАП

«Білікесіздің тілін тыйған жөн болар,

Білімдінің сөзін жиған жөн болар».

Жүсін Баласагұн IX-X ғасырлар

Мәскеу. Құз. 1982 жыл. XX ғасыр

Асылдарды іздеу аманат та, азап та.

Тапсан қуаныштан жүргегін жарылардай болып қуанасың.

Таба алмасан шарқ ұрып іздегеннен өкпең өшеді. Бірақ шегінуге жол жоқ. Сен бабаларыңың аманатын іздеуден тыным таппайсың.

Сабылып іздеу рахаты болады.

Талып табу рахаты болады.

Есің кетіп тану рахаты болады.

Мәңгілік табыну рахаты болады.

Асыл рахатты бабаның сөзімен табысқанда анық ұғып, сол саналы сөздерді жүргіне жеткізгенде анық сезінесің.

Бұл – табысу рахаты. Сол рахат сезім өлгеніңше сенің жанында болады. Жүргінді тербейді. Бәлкім өмірден өтер сәтінде сол сабылып іздеу, табу, тану, табыну, табысу рахатын есіне алып, өзінді бақытты сезінуің әбден мүмкін.

Сонда сенің езуіңе күлкі үйіріледі. Тамсанып тұрып, сәл ғана жымиясың. Одан бөлек қымылға қуаты қайтқан тәnde шама да болмайды. Бірақ сені тамсандырған рахат бойынды қуалап кетіп бара жатады.

О, Құдірет!..

Бірде Аварстанның арыстан ақыны Расул Ғамзатов мені тауып әкелуге авардың үлкен ақыны, Олжас Сүлейменовтің асыл досы Магомед Алиевті жіберіпті.

Магомед Алиев аса терең ойлы, айтқан сөзінен қайтпайтын қайсар мінезді, нағыз ақын, нағыз азамат еді.

Магомед әуелі үйге телефон сокты.

– Қыпшак, үйдемісің, саумысың?! – деді. Артынша менің сөзімді тоспастан, – Расул сені көргісі келеді, соны айтып еді, – деп тағы сөйледі.

– Қашан көргісі келеді?

– Үлкен адамның сөзін сым темір арқылы жеткізу – күнә. Үйіңе барып сенің дастарқан басында айтуым керек, – деді Магомед. Біздің таулық салт солай, Қыпшақ.

– Болсын, кел, – дедім.

Ол үйге ентелей еніп, мені өзімсіне құшактады. Қолындағы кенеп дорбадан бір бөтелке «Дағыстан» конъягын алыш шықты.

– Басың ауырғанда танертең үлкен екі қасық ішсөң өте пайдалы. Кавказдың керемет шөптерінен жасалған.

– Жүзімнен де.

– Жүзімнен гөрі конъяктың ішінде таудың саулық шөбі көп.

– Рахмет, Магомед.

Мен үстелге «Қазақстан» конъягын қойдым.

– Ең жақсы конъяк «Қазақстан» конъяғы, бірақ «Қазақстан» конъягын Мәскеуде емге таптайсың! – деді Магомед көзі жанып. – Қыпشاқ, әуелі маған стаканға толтырып конъяк құй, соны аздал ұрттап ішіп отырайын. Конъякқа серілік жарасады. Қыпшақтарға кезінде қымыз жарасқан.

– Болсын, Магомед.

– Қыпشاқ, мен саған әуелі Расулдың қашанға және неге шақырғанын айтайын.

– Айт, Магомед.

– Ертең кешкі беске «Москва» қонақ үйіне келсін деді. Жүсіп Баласағұн деген Х ғасырдың хас ақынын біле ме еken, соны да сұра деді.

– Баласағұнды естігем. Бірақ толық танымаймын.

– Қыпشاқ, Баласағұн қазақ ақыны ма?..

– Тұрік халықтарына ортақ тұлға деп білемін.

– Оны Олжастан сұрау керек. Ол бәрін біледі. Әнуардан сұрау керек. Ол да бәрін біледі. Сен әлі жассың, Қыпشاқ. Сенің көне жырауларды білмеуің мүмкін. Сен әдебиетке геологиядан келген адамсың ғой.

– Расул Ғамзатов біле ме еken?

– Ол бәрін біледі. Ал қош сау тұр. Ертең жүздесеміз, – деп үйге ентелей енген Магомед Алиев, үйден ентелей шығып бара жатты.

«Москва» қонақүйі

Расул Гамзатов ағамыз қашанда Мәскеудің тап ортасындағы «Москва» қонақ үйіндегі люкс бөлмеде жатады. Оның қасында қашанда авар азаматтары жүреді. Расулдың қамын солар түзейді.

– Төрлет, Роллан інім, төрлет, – деді Расул ағам. – Жайланып отыр. Ертең күн демалыс. Бүгін Москвадағы авар ақындары демаламыз. Сен де демал. Мен саған орысша қолжазба берем. Соны өзің оқы. Сонан соң Әнуар мен Олжасқа Алматыға салып жібер. Олар да оқысын. Өз ойларын айтсын. Келістік пе?!

– Келістік.

– Онда құяйық, Расул, – деді егделеу авар ақыны.

– Құй! Жаратқан ием шарапты әуелі әдемі ыдысқа, сонан соң өнешке асықпай құюға жаратқан, – деп Расул ағамыз еркін жымиды.

Авар ақындары желпінісіп қалды. Расул хрусталь рюмканы батпифан бармактарымен қысып ұстады да сөз бастады:

– Мен бес түн бойы досым Наум Гребнев бір жыл аударған Жұсіп Баласағұнның 900 беттік поэмасын оқыдым. Жақсы тәржімалаған. Онан артық аудару мүмкін емес. Керемет шығарма! Х ғасыр еншісі. Ал тереңдік қандай! Қендік қандай! Адалдық қандай! Дүниедегі ең асыл адамдар ақындар! Ең күшті адамдар да ақындар! Азғындаған адамды адамдыққа шақыратын да ақындар. Мен бұны Баласағұнды оқып болған соң ұқтый. Фирдоусиді оқыған соң да сондай ойға жығылғам. Ол ертеде, жас кезімде осы жердегі әдебиет институтын аяқтар кезімде болған. Есімнен танғанмын. Мына біздің ортаға Баласағұн енді ғана келді. Он ғасырдан соң кітабы Мәскеудің «Ғылым» баспасынан келесі жылы жарық көреді. Жарық көрісімен «көкпар» басталады. Өзбектер өздеріне, қыргыздар өздеріне тартады. Шыңғыс Айтматов бұл көкпарға дайын отыр. Өзбектер де сайысқа дайын деп естідім. Олар кезінде әл-Фарабиден айырылып қалған. Оған сендер, казактар, иелік еткенсіндер. Мен бес түн оқыдым дедім той, сонда мен не ұқты дендер?!. «Құтты білік» кітабын түркі ақыны жазған. Талас жок. Бірақ кітап мінезі сол белгісіз түркі ақынының артында қазақ ақыны барынан белгі береді. Адам есімдері де қазақ есімдері. Поэмадағы мінез, ой, қайырым, тәуекел, жомарттық, ақылгөйлік, саналылық, қазақ топырағынан жаратылғанын танытып тұр. Бұл поэмада Дешті-Қыпшақ даласының өлмес, өшпес рух көзі көрінеді. Өткен он ғасырда жүздеген сарайлар қирап жердің астына түсті, жүздеген қасқыр жүректі хандар келмеске кетті, ал мына «Құтты кітап» өлген жок. Қазақтың киесі сіңген кітап тірі қалыпты. Ендеше Даналық кітаптарынды құшаққа баса алмай қан қақсан қалып жүрмендер. Өткенін қадір тұтпаған, ардақтамаған халық халық бола алмайды. Қарның тойғызығанға ғана мәз пенде де, адам бола алмайды. Осыны қыпшактарға ұғу керек. Мен осындағы ойдамын. Бұл ойым берік ой. Осы ойымды Әнуар мен Олжасқа жеткіз. Ұлы бабалардың рухын аскактату керек! Ұлы бабаларды құшақта ұстау керек! – деп арыстан ақын Расул Гамзатов маған үлкен қолжазбаны құшақтата салды. Қолжазба құшағыма азар сыйды.

– Сөзінізді еш редакцияламай кітапқа енгізе беруге болады, – деді егде авар ақыны.

– Тосты де, – деп Расул Гамзатов күлді.

– Роллан коңық алсын, – деді Магомед Алиев.

– Раҳмет, мен ішпеймін, – дедім.

– Қыпшақ, қағып таста, түк етпейді, – деді Магомед. Ол мені қолдап тұр еді.

– Бұл жас қыпшаққа тиме, – деді Расул. – Ол жөн сөйлеп тұр. Ішпесін. Қазактар ақылды халық. Аманат арқалаған адамға арақ ішуге болмайды.

Мен не айтарға білмей дағдарып қалдым. Расул ағамның сөзі асқан ақыл еді. Жүргегім дүрсілдеп берді. Жаным тулады. Маған арақ ішейік дегендер көп болатын. Арақ ішпе деген әкемнен кейін Расул Гамзатов еді. Ал сөз арасындағы тебіренісі қазақ туралы реквием болатын.

Расул Гамзатов бастаған авар ақындары рюмкаларын төңкеріп таstadtы. Мен мың жыл қазаққа белгісіз болып келген Даны Бабамның ауыр қолжазбасын көтеріп бөлмeden шығып бара жаттым. Таң алдындағы Мәскеудің тас қаласы бабамның ұш бума қолжазбасын көтерген мені елеген де жоқ. Бұл тас қалаға кімдер келмеген?.. Кімдер кетпеген?!

КСРО Жазушылар одағындағы кітап көмбесі

Мәскеудегі Жазушылар одағына әр республиканың кітап баспаларынан кітаптар жөнкіп келіп жататын. Оны қарau, зерттеу, талдау керек болатын. Бұқіл Кенес Одағының кітап көмбесі Мәскеудегі КСРО Жазушылар үйі болғаны мен үшін таптырмайтын олжа еді. Сол кітап қорына кіріп алып апталап, айлап шықпаушы едім.

Бір күні сол көмбеге Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» атты дастаны тұсті. Кітапты аударған қазақтың айтулы ғалымы, әдеби сыншысы Аскар Егеубаев інім екен. Жинақты бауырыма басып тұрып қатты қуандым.

«Құтты білік» кітабымен бір апта жалғыз қалдым. Үстелімде де сол кітап, жатқан жерімде де сол кітап, Сокольники бағына серуенге шыққанымда да сол кітап маған серік болды. Аскардың аудармасы да, кітапқа жазған алғысөзі де маған ұнады. Өкінішке қарай, Аскар Егеубаев ортамыздан ерте кетті. Білгір, талантты ғалым еді. Адамгершілігі, кішіпейілдігі де өзгеше болатын.

«Құтты білік» менің қолыма желтоқсанның басында тиген. Көлемді дастанды мен қыс бойы талмай оқыдым. Жүсіп Хас Хажыб Баласағұн ақынның тендессіз ақылына таңғалдым. Отаншыл жүргегіне бас идім. Адалдығы үшін ардақтадым. Қанағатты серік еткен жан дүниесін риясыз көніліммен құрмет тұттым.

«Құтты білік»

«Құтты білік» – қазақ ортасына мың жылдан соң қайта оралған құтты кітап. Киелі кітап. Даны кітап. Бұл кітаптың тілі де ерекше, ойы да ерекше, ал тағдыры – жұмбак.

«Құтты білік» кезінде түркі халықтары ғұмыр кешкен аймақтарда кеңінен мәлім болған. Осы кітаппен бірге Дешті-Қыпшақ даласының төріне адалдық, адамгершілік, қайырымдылық атты қасиеттер қайтып оралған. Менің атам құлағыма құйған қазақтың тәрбие-танымдық аталы сөздері, дәл осы кітап беттерінен маған шабуыл жасаған.

Салт-сананы, ұлттық дәстүрді түзеген дана сөздер менің жанымды баурап алғып еді. Ана сүтімен даритын қасиетті сөздер жүргімді тулатқан. Аскар Егеубаев дана бабасының дастанын ана тілінде шебер сөйлетіпті. Өкінішке қарай Қазақ Республикасы Қазакстан Республикасы болды. Ана тілі кітабы қазақ тілі кітабы аталды. Анасыз адамның жүрек тілі сөйлей ме еken?!. Олай болса, қазақ тілі не, робот тілі не?.. Өкінішті. Бұл заманауи аяусыз текеңірес сайыста ұлт құндылықтары ұтылуда. Осыған абай болу керек еді, билік ұлттық ұстаным мен ұлттық идеяны сақтауға, өсіп-өркендетуге, кемел бійкке көтеруге салғырттық танытты. Тіптен оны мұлдем ұмытып та кетіп еді. Авардың арыстан ақыны Расул Ғамзатов: «Сен халқыңың тарихына тас лақтырсан, ол кейін сені зенбірекпен ататын болады», деген аталы сөзін еске алсан, көзіңе жас тіреледі.

Дәл осы «Құтты білік» кітабы XXI ғасырдағы Дешті-Қылышақ даласына қазақ топырағының киелі қайнар сөзі мен ойын алғып келді. Адамдығымызды, Адамгершілігімізді, Азаматтығымызды, әдепке, танымға, тәрбиеге толы салт-дәстүрімізді есімізге қайта түсіргендей болды.

«Құтты білік» – мың жыл бойы туған халқының аяулы құшағына ашық ұмтылған батыр кітап. Қазақтың қайтып оралған бағы деуге болар кітап. Он ғасырдан соң туған топырағына сарғайып сағына жеткен даналыққа толы дастаның кей ой оралымдарына көз сал, мейірімді оқырман:

Ақылды – ұлы, білімді – білікті,

Екеуі ұлы етер, қонса, жігітті.

Ақыл қайда болса, ұлылық толады,

Білім кімде, сол білікті болады.

Біліктіні тында, ақылдың бұлағы,

Білімді сөз – шырын, жанның құнары.

Тілінді бақ, басың аман болады,

Сөзді қысқарт, жасың ұзақ болады.

Осыдан мың жыл бұрын жазылған көне кітап-тың әр сөзі, ойы, толғамы, таным-білім киесі бүгінгі XXI ғасырға еркін сіңіп жүре беруінің өзі де бөлек қасиет-ay! Дәл осы кітапта поэтикалық тектілік көзге ұрып-ақ тұр!

«Құтты білікте» Жұсіп Баласағұн түркі халықтарының даналығын, қанатты сөздерін, мақал-мәтелдерін барынша кең пайдаланады. Кітаптың тілі бай, сол тіл сонша таза, сұлу. «Құтты білікті» оқығанда қазақтың небір ғұлама сөздеріне көміліп қалып отырасыз.

Ақ сүтпенен бірге сіңген жақсылық,

Айнымайды, алғанша ажал қапсырып.

Іште біткен қылыш, парыз мойныңа,

Сөзбен сөксе – тілі ашытып қанынды,

Сүйек сыздап, жалын қабар жанынды.

Жүсіп Баласағұн дастаны Дешті-Қыпшақ даласындағы кесек тарихи кезеңнің, қоғамдық, саяси, әлеуметтік, моральдық-этикалық, рухани тыныс-тіршілігін көрсетеді.

Атақты түрколог В.Радлов: «Қазақтар нақысты сөйлеуді бар өнердің алды деп біледі, сондықтан олардың поэзиясы дамудың ең жоғарғы сатысына жеткен», деуінде үлкен шындық жатыр. Әттең, ұлы орыс ғалымының ұлы сөздерін өрбітіп, талдап, жіктеп әкетуге қазақ ғалымдарының ойлау биіктігі, этикалық, эстетикалық мәдениеті, зерттеу көкжиегі әлсіз соғып жатыр.

Түркі қағанаттары құлағаннан (VIII ғасыр) соң-ақ, Дешті-Қыпшақ даласы түркі халықтарының әдеби, мәдени орталығы болып қалыптасты.

Дала мәдениетімен бірге қала мәдениеті де өзіндік өрнекпен өркен жайған. Әл-Фарабидің, Баласағұнның, Ясаудің өнер көгіне көтерілген сәттері де IX-X ғасырлар болып табылады. Олардың ұлы еңбектері дала философиясының, этикасының, эстетикасының, заң мен жаратылыстануының қуатты ой желілеріне топтастырылған. Ал ол кезде Шығыстың ұлы ақындары Руми, Саади, Омар Һайам, Хафиз, Жәми дүниеге әлі келмеген. Олар XI, XII, XIV ғасырдың перзенттері болатын.

Уақыт атты жойқын күшке не лаж бар?!

Дағыстаннан жеткен дауыс. Тамыз. 2015 жыл

Жүсіп Баласағұнның кітабын баспаға дайындал болған кезімде Махачкаладан Дағыстан Жазушылар одағының бірінші хатшысы Магомед Ахметов телефон сокты. Мен Мәскеудің Горький атындағы Әдебиет институтында лекция оқып жүрген жылдары ол сол институттың студенті еді.

– Роллан муалим, Ассаламалейкум! Мен Магомедпін.

– Бүкіл Дағыстан Магомед, – деп құлдім.

– Таныдыңыз ба?..

– Танымығанда... Магомед Ахметов. Дауысың түк өзгермепті. Сәл ержеткенінді, толысып-толғанынды танытады.

– Сіздің де дауысыңыз сол қалпы. Тек сәл шаршаш бар секілді.

– Қартаю да бар, Магомед... Тыңдал түрмyn.

– Сізді көрмегеніме қанша жыл өткенін білемісіз, муалим?

– Қанша жыл өтіпті?..

– 33 жыл!..

- О, уақыт шіркін, адамды алдап соғатын сиқыр күшсің ғой!.. Дағыстанның Жазушылар одағын басқаралының Ресей ақындарынан естідім. Қайырлы болсын!
- Көніліңіз күпті ғой, муалим! Дағыстанға келіңіз. Өзім тосып аламын.
- Рас айтамысың?..
- Менің екі сөйлегенімді қашан көрдіңіз, муалим! Мен тосып алуға әзірмін. Расул аканың өзін көре алмайсыз, бірақ моласына барып тағзым етеміз.
- Ғамзат Цадасаның да ауылына барсақ.

– Міндettі түрде.

– Сен қайдан ғана телефон соқтың, Магомед? Жүргімді тұлатып жібердің ғой.

Менің де жүргім атой салып жатыр. 33 жыл көріспедік. Шынын айтсам, сізді сағындым, Роллан муалим.

– Мен де, Магомед. Өлеңінді жібер. «АМАНАТ» журналына шығарамын.

– Тезірек Махачкалаға жетініз. Сонда өлеңдерімді құшағыныңға басамын. Құлағыныңға құямын.

– Кубачы ауылына апара аламысың?

– Апарғанда қандай. Әйелім Кубачыдан ғой. Әкесі атақты ұста болған. Сізге мықты қанжар мен алмас қылыш сыйлаймын.

– Қазақтың тиындарын ала барайын. Пышақ сыйлаған адамға тиын беру керек, әйтпесе араздасады...

– Онда Магомед Алиев мақтайтын «Қазақстан» конъягын да ұмытпаңыз, муалим!..

Ақын Магомед Ахметов маған түнде телефон соққан. Қайтып ұйықтай алмадым. Авардың асқан бауырмал ақындарын, жауырындары жер ііскемеген балуандарын есіме алып толқыдым.

Аэропортқа телефон соқтым. Таңертең Мәскеуге самолет ұшады екен. Махачкалаға да сол күні түсте шағын самолет ұшатын көрінеді. Алла қаласа, кешке Махачкалада боламын.

О, ұлы Дағыстан!

О, «Дағыстан семсерлерінің жарқылы» атты айбынды кітап. Ол кітап Кенес Одағы кезінде жабық кітап болған. Ол кітап Шәміл туралы шындыққа толы дастан еді ғой. Несін айтасыз!.. «Дағыстан семсерлерінің жарқылын» мен Будапеште түркі жігітінен екі түнге алып оқығанмын. Опасыз заман-ай!.. Несін айтасыз?!

Шу алқабы. Тұн. 2016 жыл. XXI ғасыр

Көне Шу өзенінің жайдақ жағалауы.

Жұлдызы сөнген, Айы жасырынған маңғыған қап-қара аспан, Қара Жерге төніп келіп еріксіз токтағандай.

Құлаққа ұрған танадай меніреу тыныштық.

Қапырық атқан түнерген тұн.

Аспан үнсіз. Даала үнсіз. Мен де үнсізбін. Үш тұн бойы мені құшағына басқан жалғыздық та үнсіз. Жалаң аяғымды жуған өзеннің жылы сұы ғана күбір-күбір етіп қараңғылықта әлдекайда баяу ағып жатыр.

Қап-қараңғы өлі әлемнің ортасында жалғыз жатырмын.

Бір ай бойы Бетпакдаланы, Қаратруды, Қызылқұмды, Шу бойын еркін аралап болып, өзен жағасына қирай құлағанымызға үшінші тұн еді. Делсал өзен аңғарында дел-сал болып мен жатырмын. Тән де, жан да тыныштық тілеген. Жалғыздық тілеген. Құзордан (Баласағұн) Шуға құлаған соң-ақ онаша кетіп, онаша қалуды ойлағам. Қасиетті Жұсіп Баласағұнның кітabyна соңғы сөз жазып бітіруім керек еді. Үшінші тұн болса да машина соққан тән өз-өзіне келе алмаған. Жан да орнықты ойға берік бекіне алмап еді. Тағы бір көзім ілініп кетіп, қайта оянғанымда жүргізуші жігіт Болат от жағып, сол отқа ет қақтап отыр екен.

– Тұрып тамақ ішініз, – деді Болат.

– Рахмет. Маған тиме. Маған дәл қазір жалғыздық жарасады.

Қасыма үнсіз келген Болат, үнсіз жоғалып кетті.

Арқан бойы жерде маздал от жанып жатыр. Тұнге оранған далада тірліктің бар екенін сол қызу алау ғана білдіргендей. Басқа селт еткен дыбыс жоқ. Бұндай тас қаранғы түндер адамды жалғыздық құшағына тартады, ой әлеміне жетектеп алғып кеткенін өзін де сезбей қаласың!

Барлығын тастап, бір түнде Дағыстан асып кеткенім есіме оралды. Жұсіп Баласағұн қолжазбасын баспаға әзірлеу үстінде талып шаршаған мен үшін Кавказ тауларына сапар шегу бостандық аралына жетумен бірдей еді. Магомед Ахметов екеуміз бүкіл Дағыстанды араладық. Расулдың әкесі Фамзат Җадасаның басына, Расулдың өз моласына барып құран оқыттық. Дағыстан балуандарымен кездестік. Кубачы ауылында ұзақ тұн өнерпаз адамдармен көрік қыздырып, қылыш соққыладық.

– Магомед, Расул Ғамзатов Жұсіп Баласағұн кітabyна алғысөз жазғанда өте жарасымды болар еді, – дедім.

– Роллан муалим, Расул Роллан, алғысөзді өзін жаз дер еді. Қазақтың киесін өздерің көтеріндер дер еді. Алғысөзді Дағыстанда бастаңыз да, Дешті-Қыпшақта, Шу өзенінің бойында аяқтаңыз. Сол дұрыс болады.

– Болсын. Сенің сөзіннің жаны бар. Жұсіп Баласағұнды маған алғаш таныстырған Расул

- «Москва» қонақ үйіне сізді шақырғанын білемін.
- Онда сен де бар ме едің? – деп таң қалдым.
- Мен де болғам. Студент кезім ғой. Шаруашылықта жүргем. Сіздермен қатар отыру бізге қайда?!
- Солай ма еді?..
- Талай уақыт өтті ғой несін айтасыз?! Муалим, Жұсіп Баласағұн туралы алғысөзді өзініз жазыңыз. Бүгінгі ұлт жазушыларының ішіндегі құдіреттілері Анатолий Ким, Тимур Зульфикаров, Владимир Личутин...
- Әбіш Кекілбаев, Олжас Сүлейменов, Мұқағали Мақатаев, – деп қостым.
- Роллан Сейсенбаев, – деді Магомед. – Муалим «Дағыстан семсерлерінің жарқылы» кітабын шығарып берем дедіңіз. Шәмілдің аруағы қолдасын сізді! Аман болыңыз!
- Магомед, сені келесі жылы наурызда Қазақстанда тосамын.
- Дешті-Қыпшак даласын сізben бірге аралау мен үшін бақыт, муалим.
- Магомед, есінде бар ма, таудағы шағын бейіт басындағы шағын моладағы төрт жол өлең.
- Эрине есімде, муалим.
- Мен сол өлеңді тұнде қазақшаладым. Үнін тында.

«Ол Әулие де емес еді,

Ол Батыр да емес еді,

Бірақ сен оған басынды ій,

Ол Адам болатын!»

Магомед, мен бүкіл жер жүзін аралаган адамын, бірақ дәл осындағай ғажайып эпитафияны оқып көрген емеспін. Таулықтар адамдық қалпын сақтауға тырысып бағуларын бір сэтке тоқтатпаған өжет ел.

Муалим, сіз де нағыз адамсыз, – деп Магомед мені өзімсіне құшақтап, қимай қош айтысты.

Сабырлы алтын күн астында, Кавказдың ақ бас таулары мен Каспийдің көкпенбек айдыны жарқырап жатқан ала танда мен Дағыстаннан Қазақияға жол тарттым.

Самолет ішінде ойымда Дағыстан тұрды, жүрегімде Жұсіп Баласағұнның дана сөздері дүркіреп қоя берді.

Білімге ғана ұмтылғын,

Құлы болма құлқынның

Ой мен ақылға толы дастан қап-қара аспан астында еркін қалқиды. Шу өзенінің кең алқабында Баласағұннан шықкан дананың сездері ерекше екпінді көрінді.

Менің ендігі білетінім:

Жалған дүниеде байлық та жалған, билік те жалған. Дәл осы жалған дүниеде тірі қалатыны ақыл, сана, рахым ғана.

Қалған жалғанның барлығын Дешті-Қыпшақтың қара дауылы тас-талқан қылады.

Тұндеңі қап-қара аспан таң ата ерекше рахымды пейілмен айқара ашылды. Таңғы саумал сәуле Шу өлкесіне енді ғана еркін көтеріліп келе жатыр еді.

Көзімді аштым, бірақ орныман қозғалмадым. Мен білетін көне формула былай сөйлейді:

«Ex oriente lux» – Жарық Шығыстан көрінеді.

Шу өзенінің кең жайсан алқабына таңғы мөлдір сәуле Шығыстан көтеріліп келе жатқан.

Иә, Құдай жаратқан әлемде күн Шығыстан көтеріледі.

Жұсіп Баласағұн сол ақиқатты айна-қатесіз ашық жырлап өткен даналар санатынан.

Ой. Тағы да ой... Қайран бабаларымыз аманат қылып тастап кеткен құндылықтар қашшама?!. Таң қаласыз. Өкінішке қарай, әлі де еркін, ұлттық махаббатпен сол құндылықтарымызды терең зерттеп, әлем алдына асқақ көтеріп алып шығып ардақтай алмай жатырымыз.

Өлкемізді де, өнерімізді де, өзімізді де.

Қазақтың тарихи-әдеби мұраларындағы бай мұра еш халықта жоқ. Сіз маған әлемге 360 эпос қалдырған халықтың атын атаңызшы?.. Атайдың алмайсыз. Ол – қазақ халқы.

Түркі халықтарының мәдени, тарихи кемелдігі – адамзат өркениетінің ең шоқтығы биік жемісі.

Орхон-Енисей, Талас жазулары, әл-Фараби, Жұсіп Баласағұн, Ясауи еңбектері, Дешті-Қыпшақтың өр мінезді жыраулар поэзиясы – түркі халықтары тудырған дала цивилизациясының асыл шамшырақтары.

Тендессіз рухани мұрасы.

Киелі мәдени ескерткіштері.

Асыл бабаларымыздың қасиетті көзі.

Сол ардақты бабаларымыздың жаны жәнненнатта болсын!

Жаратқаның жарығы Шығыстан шығуын бір сәтке де үзбеуін Жаратқаның өзінен тілеген.